

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 3, Number 301 (2015)

UDC 82.0:001.83(100)

DAHL ES OF GRAD SIGNIFICANCE TO THE KAZAKH AND RUSSIAN PEOPLE

A.S.Tarakov¹, A.Zh.Zhaparova²

anuar_tarak@mail.ru

¹Kazakh national university named after Al-Farabi, Almaty, Kazakhstan

²The Constitutional council of the Republic of Kazakhstan

Key words: Kazakh song, V.Dahl, Russian words, vocabulary, proverbs and sayings, Kazakh steppe, artwork, novel "Bikey and Maulana"

Abstract. Vladimir Ivanovich Dahl is a great scholar, who made an immeasurable contribution to Russian linguistics. Even being a military doctor by profession, he collected words, sayings and proverbs of the Russian language, released them in a book form. It is also important that in this explanatory dictionary, the scholar carefully researched, explained every word gained from the people. Proverbs and sayings recorded, written by V.Dahl became the basis for many research papers.

V.Dahl visited the vast Kazakh land, became closely acquainted with the traditions, customs, art and culture of the people. He wrote a work of art "Bikey and Maulana" from the life of the Kazakh people. Together with the outstanding Russian poets Alexander Pushkin, VA Zhukovskiy, he visited the Kazakh land. The article presents the information about the life and work of V.Dahl, formed on the basis research works.

УДК 82.0:001.83(100)

БАК 10.01.08

ОРЫС-ҚАЗАҚҚА ОРТАҚ ДАЛЬ

Тарақов Ә.С., Жапарова А.Ж.

anuar_tarak@mail.ru

Тірек сөздер: қазақ ән-күйі, В.Даль, орыс сөздері, сөздік, мақал-мәтелдер, қазақ даласы, көркем шығарма, «Бікей мен Мәулана» повесі.

Аннотация. Владимир Иванович Даль – орыс тіл біліміне өлшеусіз үлес қосқан үлкен ғалым. Ол мамандығы әскери дәрігер болса да, орыс сөздері мен мақал-мәтелдерін жинап, оны арнайы кітап етіп бастырды. Ғалымның түсіндірме сөздігін де орыс тіліндегі ел арасынан жинаған әрбір сөздің түп-тамырын терең талдап, түсіндіруі де бағалы. Дальдың ел ішінен жазып алған мақал-мәтелдері қаншама зерттеу еңбекке өзек болды. В.Даль қазақ даласын аралап, халықтың тұрмыс-салтымен, өнерімен, мәдениетімен терең танысты. Қазақ өмірінен «Бікей мен Мәулана» атты көркем шығарма жазды. В.Даль бірнеше ғылым саласын меңгерген, көп тіл меңгерген, қазақ тілінде жақсы сөйлеген. Ол орыстың атақты ақындары А.С.Пушкин, В.А.Жуковскиймен бірге қазақ даласын аралаған. Бірнеше көркем шығармалары бар. Мақалада В.И.Дальдың өмірі мен шығармашылығы жайлы зерттеу еңбектер негізінде мәліметтер беріледі.

Орыс мәдениетінде ерекше орын алатын құнды еңбек "Түсіндірме сөздік" жасаған Владимир Иванович Даль есімі қазақтарға аса танымал. Өйткені оның өмірінің біраз бөлігі қазақ даласында, Орынбор жерінде өткен. Қазақ даласын аралап, тұрмыс салтын, дәстүрін, тілін жақсы білгендіктен, өзінің «Бікей мен Мәулена» атты көркем шығармасын жазып қалдырды. Біз осынау дарынды тұлғаның қазақ халқы үшін қаншалықты еңбек еткенін ұзақ жылдар зерттеген В.Порудоманскийдің «Өмір мен сөз» атты хикаятына және басқа деректерге негіздеп, қазақ жеріндегі өмірінің маңызды тұстарын баяндамақпыз.

Владимир Иванович Даль Украинадағы Лугань қаласында туған. Әкесі Иван Матвеевич алғаш Лугань қаласына әскери кемелерге зеңбірек құятын шойын зауытында дәрігер болған. Кейін Петразоводскіге барған, содан Николаевта Қара теңіз флотының бас дәрігері ретінде әскери қызметін аяқтаған. Алдымен кадет корпусында оқиды. Өзімен бірге бітірген 83 жеткіншектің арасында үлгерім

бойынша 12 орында болған. Одан соң Дерпттегі медициналық факультетке оқуға түседі. Осында өткізген үш жылдан кейін «Өмірінің алтын ғасырына» балаған. Дальдың әкесі болгар жерінде түріктерге қарсы соғысқа қатысқан. Ол казак әскерінің құрамында орыс армиясының Балқан асып, Сливка, Адрианополь қалаларын алуға ұрыстарға қатысқан.

1833 жылы мамырда Даль Орынбор әскери губернаторы жанындағы айырықша тапсырмалар шенеунігі қызметіне тағайындалады. Ресми құжатта «Дәрігер Дальды ассессор жағдайына ауыстыру туралы» жазылған. Дальды докторлықтан ассессорлыққа тағайындаудан үш апта бұрын, Орынбор әскери губернаторлығына Петербург ақсүйектеріне жақсы таныс, Жуковский мен Пушкиннің жақын досы Василий Алексеевич Перовский тағайындалады. 1833 жылы Орынбор әскери губернаторы Перовский қарамағында жүріп, Орынбор, Орал, Атырау, Бөкей ордасын түгел аралап шыққан, фольклор жинаған, әңгіме, повестерін жазған. Перовский әйгілі композитор Құрманғазы күйін тыңдаған.

В. Даль Петербург, Москва, Нижний Новгород, Орынбор, Орал, Атырау және Украина, Қырым, Молдавия, Башқұрт жерлерінде болған. Орыстың ұлы классиктері А.С. Пушкин, И.А. Крылов, Н.В. Гоголь, В.А. Жуковскиймен дос болды. Даль қай өлкеде, қай елде болмасын орыс сөздерін, мақал-мәтелдерін жинап жүрген. «Халықтың тілін құрметтеудің уақыты келді» деп Даль алдына мақсат қояды. «Біз халықтың, орыс тілінің жай әрі төл сөздерін үйренуге және барлық тіршілік иесі өзіне жақсы тағам табуды оны өзінің тәні мен қанына сіңіргендей меңгеріп алуға тиіспіз» деген жарқын оймен асыл мұратына кіріскен. Ол әрбір сөздің тамырын табуға тырысып, сөздің түп-төркінін, қайдан шыққанын, қазақшалағанда жеті атасын жіктеп, анықтап, талдап көрсетті. Әр сөздің астарынан халық өмірінің тынысын аңғарып, оның айқын да мәнерлі ерекшелігін жеткізе білді.

Қара теңіз флотының мичманы теңізде жүзіп, тулаған толқындардан ой аулаған жоқ, теңіз офицері киімін губернаторлық дәрігер мундиріне ауыстырды. Ол орыс сөзінің қадір-қасиетіне жеткендігі шығар, қалың томдардан көзіне түсіп, көңіліне ой салған әр сөзді алқызыл және сары карточкаға тізіп отырғанда, осындай үлкен түсіндірме сөздік жасарын сезбеген де болар. Бір сөздің мағынасын тереңдеп ашып, талдап түсіндіріп біткенше кезекте тағы бір сөз тұрды. Құдды жағалауы көрінбейтін алып мұхитқа еніп кеткендей. Сөздің сыры мен сипатын, мәні мен мағынасын ашқаны аздай, оған сол сөздің салтанатын асырып, ажарлап, айшықтаған мақал-мәтелдермен мәнерледі. Әр сөз Дальді тұңғығына тарта берді. Бірде оған жан досы Пушкин: «Міне біздер жазып жүрміз, жазушы деп аталғанымызбен, орыс сөзінің жартысын білмейміз ғой», деп қатты қынжылды. «Жолында қандай білім кездессе де, кез-келген білімді өзіне іліктіре жүр, өмірде қажетіне жарар дегенді алдын ала айтпау керек» деген анасының ақырғы ақылы көкейінде мәңгі сақталды. Ол барған жерінде көрген, білгенін көңілге түйді, әр нәрсені білуге асықты. Қандай да бір істі, кәсіпті үйренуге бала шағынан дағдыланды. Оның осы қасиеті «Түсіндірме сөздік» жасауға ғана емес, орыс мақал-мәтелдерін жинап, ел игілігіне айналдыруына игі ықпалын тигізді, сөздіктің «Түсіндірме» деп аталу себебі, ол бір сөзден кейін бір сөзді аударып қана қоймай, сөздің нақты мағынасы мен оларға бағынатын ұғымдарын талдап, түсіндірді» дейді В.И. Порудоминский. Орыс тіл біліміне айтулы үлес болып қосылған керемет еңбекке ол құштарлықпен кірісті. Орыс тілінің бар байлығын, сұлулығын ғылыми жүйеде көрсетуге ден қойды. 1845 жылы қыркүйекте оған Ресей географиялық қоғамының мәжілісінде ұйымдастырушы деген құрметті атақ берілген. Дальдың көзі тірісінде Орыс географиялық қоғамы Оралға және Сібірге, Тянь-Шаньға, Орта Азияға бірнеше ірі экспедициялар ұйымдастырғанымен, шақырылса да, ешқайсысына бармаған.

Петербургке барған кезінде ол осында тынысы тарылғандай сезінген, «Мен бұдан алыстау тұрғанды қалар едім, Волгада, Украинада, тіпті болмаса Мәскеуде ...» - депті. Украинада туған казак азаматы Мәскеуде біраз жыл тұрғанымен, 1849 жылдың жазында Еділге қарай тартып тұрған. Бәлкім даланың кеңдігін, елдің сол кеңдікпен теңдесер елдігін, берекесін көрген Дальды қалайда казак даласы сағынтса керек. Сары далаға сары баланың сүйіспеншілігі оның келе-келе тілін білумен ғана емес, дәстүр-салтын, өнерін біліп, түсініп, сол далаға деген бір қимастық, құштарлық алауын жаққандай еді.

Дальдың әйелі туралы онша белгілі болмаса да, құрбыларының бірінің жазбасында «Дальдың бикеші сүйкімді, өте миниатюрлық деуге де келеді, даусы жіңішке, дәл колибридікіндей сынғырлап тұрады» деген сөздер бар. Колибри-құйтқандай ғана сүйкімді де әдемі құс. Юлия Андре Петропавл мектебінің мұғалімі, Гаупторгелдің туған немересі. Володя екеуі тату-тәтті тірлік кешіп, отбасы бақытын бала-шағасына дарытты.

Ата-анасы тұңғыш ұлын Лев деп атамақ болыпты. Владимир Иванович оны түрікше Арслан деп қойған, аудармада «арыстан» дегенді білдіреді. Көптеген таныстары бұл есімнің қойылуына таңданған. «Мұнысы қалай? Бәлкім Еруслан не Руслан болар, сондай сирек есім әрі мүлде ертегілік есім» деп ойлағандар да болған. Бірақ кім қалай ойласа да, Володя казак даласын аралап, дәм-тұзын татып, суын ішкендіктен әрі орыс сөздерін де, кісі есімдерін де түркі-тұрандық атау, ұғымдар молдығын сезген

болар, Арслан-Арыстан деген аттан айнымаған. Арслан арыстандай айбатты офицер де, әкесіндей тіл маманы да болған жоқ. Өзі жүрегінің қалаған кәсібімен айналысты. Лев Даль сәулетші болған. Оның қабілетінің дамуына, біліммен сусындап, ғылымға ден қоюына әкесі мен анасының көп тілді меңгеруі өте көмектескен. Туған тіліне деген өткір сезім туындатқаны да айқын. Бала шағынан түрлі тілдерді тыңдап өскен Даль ақыры орыс ғалымдарының бірде біреуінің ойына келмеген түсіндірме сөздікті құрап шықты. Және ол жай ғана сөздің атауы, мағынасы, тізілген ұғымдар емес, әр сөздің бірнеше ұғымын анықтап, айқындай келе, мақал-мәтелдермен мәнерлеп, дәлелдеп ойды тереңдеткен. Ол орыс тілінен бөлек, неміс, француз, ағылшын және украин, белорусь, поляк тілін, бұдан басқа татар, башқұрт, қазақ тілдерін жақсы білген. Латын тілінде жазған, әңгімелескен, болгар және серб тілдерін үйренген. Олар үйінде орыс тілінде сөйлескенімен, сол уақыттағы дәстүрге сай қоғамдық ортада дағды бойынша француз тілін кіріктіріп жіберетін.

Көп тілді білудің кереметі қандай? Даль бірден танылып шыға келді. Сөйтсек, оның жазу өнеріне, кітап жазуға құштарлығын оятқан әкесі Иван Матвеевичтің ескі тілімен айтқанда «кітап оқығыш» болуы. Ол кітапты оқып біткенше дегбір таппаған. Владимир Иванович айтуынша, қызметтен қолы босаған бос уақыттың бәрінде жұмыс бөлмесінің есігін тарс жауып алып, кітаптан кейін кітапты оқи берген. Жоғарыда айтқанымыздай, Иван Матвеевичтің жастық шағы патша сарайындағы кітапханада өткен. Кітаптар әлемінде өткен жастық шақ оның шетелдік қана емес, отандық әдебиетті жетік білуіне ықпал еткен. Иван Матвеевич Даль кітапханада орыс әдебиетінің классиктері Фонвизин мен Херасков, Новиков пен Радищев шығармаларын жаза бастаған шақта, жас Крылов алғашқы қолтаңбасын қалдырғанға дейін кітапханада қызмет жасады. Ол онда орыс ғалымдары мен әдебиетшілері сол кездегі уақыт бойынша (тіпті қазіргі уақытқа сай) – өте үлкен «Ресей Академиясының сөздігі» атты бірінші түсіндірме сөздік құрастырғанда да басы қасында жүрген.

В.Дальдың тағы бір даралығы - бірнеше білім саласын меңгеру және әр кәсіптен хабардарлығы. Ол инженерияны, ботаниканы, зоологияны жақсы білді. Ол бірнеше музыкалық аспапта ойнады, ән салды, токарлық станокта бұйымдарды жонып, қырнады, көптеген тұрмыстық құрал-аспаптарды ойлап тапты. Теңіз офицері мамандығына қоса дәрігерлік білім алды. Бір ерекшелігі Дальдың ұлы Лев Владимирович көрнекті сәулетші болды. Ұлы Ресейдегі ежелгі ғимараттарды қайта қалпына келтіруге үлес қосты. Ол Нижегород жәрмеңкесіне арнап бірнеше ғимарат салды, шіркеу авторы атанды. Төменгі Новгородтағы Александр Невскийдің соборын тұрғызуға қатысты. Л.Даль Ресей Сәулет өнерінің ескерткіштерін зерттеді, өзіне дейінгілер тәрізді жекелеген ежелгі ғимараттармен шектеліп қалмады, сәулет түрлерінің дамуын қадағалады.

«Әкем менің келімсек, ал менің отаным - Русь». Бұл сөзді Даль «Түсіндірме сөздігінде» сирек қолданылатын келімсек (выходец – «бөтен жерден қоныс аударылған») сөзіне берген анықтамасында айтыпты. «Кім қайда туса, сол жерде қажетке жарайды» деген мақал бар. Дальдың әкесі шетелде туғанымен, Ресейде қызмет етті. Әкесін Иван Матвеевич деп атағанымен, туғандағы аты-жөні Иоганн Христиан болатын, қызметтік тізімдегі жазбада «данияның офицерлер баласының» бірі екені жазылған. Ол жиырмадан асқанда Екінші Екатерина патшайым біреуден оның ғалымдық дарындылығы мен көп тіл білетінін естіп, өзіне қызметке шақырған, сарай кітапханашысы етіп қойған. Осы уақытқа дейін Иван Матвеевич екі не үш факультет бойынша курсты бітіріп, ежелгі және жаңа тілдерді біліп үлгерген.

Біраз уақыт өткісімен, ол Германияға бірнеше рет айналып соғып, тағы да медициналық факультетті бітіріп, қайта Петербургқа оралады. «Құжат тілінде» медициналық практиканы басқаруға ұсынылған. Өйткені оның жаңа Отанына дәрігерлер аса қажет еді.

Иван Матвеевич келімсектер «отбасынан шыққан, бірақ баяғыда қоныс аударып, орнығып», мүлде орыстанып кеткен қызға үйленді. Владимир Дальдің әжесі өзінің аналық тегі бойынша көне анықтамалықта «француз гугеноттарының тұқымдастарынан шыққан» делінген. Ол тілді жақсы білген, неміс пьесаларын орыс тіліне аударған, тіпті, өзі де «бес көріністі табиғи орыс драмасын» құраған. Дальдың анасы бес тілді еркін білген, бірақ үйінде көп тілді отбасы болғасын, орыс тілінде сөйлескен.

Владимир Иванович Даль 1801 жылы 10 қарашада туған. Осыдан екі жыл бұрын оның әкесі өзінің жүрек қалауымен өсиет беріп, Ресей мемлекетінің толық құқылы азаматы атанған. «Ол әрбір отырысымызда біздің орыс екенімізді еске салатын» деп әңгімелейді Даль. Сондықтан да Владимир Дальдың Русь «менің Отаным» айтуы да заңды. Сөздіктегі қысқа да мәнерлі мәтіндер оның соңғы күніне дейін толқып тебіреніп айтқанын, осыны қастерлеп өткенін анықтаса керек. Белинский ол туралы «Оның Ресейге махаббатының ерекше болатындығы, өйткені ол оны түп-тамырымен сүйді, өйткені ол қарапайым орыс адамын сүйді. Ол оның жаратылысын қалай түсінеді десеңші! Ол оның басымен ойлай біледі, оның көзімен көре алады, оның тілімен сөйлей алады» деп тамсана жазған. Даль

өзінің отаншылдық сезімін жазбасында айқындай түседі. «Орыс жерін бір-бірінен шыққан тегімен, тілімен озық келетін әртүрлі халықтар құрайды» деп, оларды атап шығады: армяндар, грузиндер, латыштар, татарлар, башқұрттар, қырғыз-қайсақтар(қазақтар), калмақтар, буряттар, самоедтер(сібірдің байырғы халықтары – Ә.Т), вотяктар, черемистер, чуваштар, Сібірдің және Кавказдың халықтары және тағы да басқалары. Олардың барлығы да Дальша айтқанда «бірінен соң бірі, атамекен үшін, отан үшін бір үйлі отбасындай» тату тұруы қажет. Әр халықты, ұлтты көңіліне сыйғыза білген Дальдың қазақтарға деген құрметі ерекше болған. Оны біз жоғарыдағы Орынбор, Орал, Атырау жерін аралағанда көрген, білгенін сүйсіне жазғанынан бір байқасақ, оның қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі туралы жазған тамаша повесі «Бікей мен Мәуленада» тағы бір көз жеткіземіз.

Қазақ даласына келіп, дарқан көңіліне кенелген казак Луганский Даль Орынборда тұрып, қазақтың болашақ астанасы немесе өз өмірі жайлы очерк те, роман да жазды. Жазған әңгімелері мен повестері толық он томдықты құрамаса да, соған жетерлік. Ол бір шығармалар жинағын «Болғандар мен жалғандар» деп атаған. Зерттеушілердің айтуынша Даль повестері мен әңгімелерінің оқырман арасында табысқа жетуі де сюжеттің тартымдылығы не баяндау шеберлігі, образдардың терең ашылуында ғана емес, проза қуаты мен мәні, көзқарастың дәлдігі мен анықтылығында, көріністердің қызықтылығы мен байқаудың нақтылығында. Ол көзбен көріп, көңілге түйгендерін қағаз бетінде айнытпай берген.

Орынбор - Еуропалық Ресей мен Сібірді, Орал таулары мен Қоқан даласын тоғыстырған орталық өңір. Даль бірде ішкері жақтан қоныстанған орыс шаруаларының арасында болса, бірде казак станицаларында ән-жырға қанықса, тағы бірде Орал орыстарының таза табиғи сөздерін естіп, жазып алған. В.И.Дальды әскери губернатор Орал казактарының патша үкіметіне білдірген наразылықтары мен жәбір-реніштерін реттеу мақсатында жіберсе де, ол сөз кенін теруге жұмылып кеткен еді. Бұрынғы заманның мақал-мәтелдерін, кең байтақ Ресейдің түкпір-түкпірінен жиналған халықтың түрлі сөздерінен алып сөздігін құрастыруға тырысты.

1838 жылы Ресей ҒА-ның корреспондент мүшесі болып сайланды. Ол «Толковый словарь живого великорусского языка» сөздігімен 53 жыл еңбектеніп, екі жүз мың орыс сөзіне түсіндірме берген. Бұл сөздік 1863-1866 жылы төрт том болып басылып шығып, Ресей ғылым академиясының академигі атанды және Ломоносов атындағы сыйлығын алған. Кейіннен «сыйлықтар сыяпатты сүйеді» деп әзілдеген.

Владимир Даль даланы сүйді, қазақтарды жанындай жақсы көрді. Ол Ресей үкіметіне, халқына, ғылымына қандай қалтқысыз қызмет етсе, қазақтың шалқар даласын аралай жүріп, елмен етене араласып, жай-күйіне қанықты. Оны орыс патшалығындағы отар ел деп қарамады, мәдениеті мен білімі дамыса ешкімнен кем қалмайтын халық ретінде түсінді, болашағы зор қазақтың таланты мен қабілеттілігіне, өнерпаздығы мен мықтылығына, алғырлығына көзі жетті. Даль орыс халқына қандай қадірлі болса, қазақ халқына да сондай құрметті. Халқымыздың мәңгілік ризашылығына бөленетін, дархан даланың даңқын жаюға жанын салған жайсаң да жанашыр дара тұлға!

ӘДЕБИЕТ

- [1] Даль В. Толковый словарь живого великорусского языка, тт. 1-4. – М., 1978 (репринт изд. 1880—1884)
- [2] Даль В. Повести и рассказы. – М., 1983, М. Сов писатель, 450 с.
- [3] Булатов М. А., Порудоминский В. И. Собирает человек слова... Повесть о В. И. Дале. – М.: Детская литература, 1966. – 224 с
- [4] Порудоминский В. И. Даль. – М.: Молодая гвардия, 1971. — 384 с. – (Жизнь замечательных людей).
- [5] Порудоминский В. И. Жизнь и слово: Даль. Повествование / Послел. В. П. Аникина. – М.: Молодая гвардия, 1985. – 224 с.

В. ДАЛЬ – ФИЛОЛОГ И РУССКИЙ И КАЗАХСКИЙ

А.С.Тараков¹, А.Ж.Жапарова²

anuar_tarak@mail.ru

¹ҚазНУ им. аль-Фараби, факультет филологии, литературоведения и мировых языков, г. Алматы, Республика Казахстан

Ключевые слова: казахская песня, В.Даль, русские слова, словарь, пословицы и поговорки, казахская степь, художественное произведение, повесть «Бікей и Маулана»

Аннотация. Владимир Иванович Даль – крупный ученый, внесший неизмеримый вклад в русское языкознание. Даже являясь военным врачом по специальности, он собрал слова, поговорки и пословицы русского языка, выпустил их отдельной книгой. Важно и то, что в этом толковом словаре, ученый тщательно исследовал, объяснял каждое слово, собранное из уст людей. Пословицы и поговорки, записанные Далью стали основой для многих исследовательских работ.

В.Даль побывал на просторах казахской земли, близко познакомился с традициями, обычаями, искусством, культурой народа. Он написал художественное произведение «Бікей и Маулана» из жизни казахского народа. Вместе с